

Магистратураның «Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: стратегиялық көзқарас , тиімді көшбасшылық және инновативті басқарудың заманауи құзіреттіліктеріне ие кәсіби басқарушыларды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- өзгерістерге бейімделе білу және тиімді шешімдер қабылдау бойынша басқарушылық құзіреттіліктерді жетілдіру;
- мемлекеттік басқарудың жаңа тәсілдемелерін енгізуге қажет қабілеттерді дамыту;
- тиімді басқару және Қазақстанның тұрақты дамуының негізгі міндеттерін енгізу;
- мемлекеттік саясатты жақсырақ талдап, түрлі мүдделі тараптары бар мемлекеттік ұйымдарды басқаруға мүмкіндік беретін саясатты талдау саласындағы дағдылар мен білімді жетілдіру.

Оқытудан күтілетін нәтиже:

Стратегиялық ойлау және көшбасшылық: көшбасшы бола білу, жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды түсіндіру, жаһандық деңгейде ойлау қабілеті, стратегия құру;

Шешімдерді талдау және қабылдау: қолда бар ресурстарды, туындауы мүмкін қауіп-қатерді және экономикалық аспектіні ескере отырып, шешім қабылдаудың балама нұсқаларын қалыптастыру және қарастыру (талдау) қабілеті;

Ынтымақтастық: стейкхолдерлармен қарым-қатынас құрудың, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің заманауи құралдарын енгізу;

Адалдық: мінез-құлықтың этикалық нормалары мен стандарттары сақталатын ұжымдық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ этикалық нормалар мен құндылықтарды енгізу;

Инновативтілік және өзгерістерді басқару: мемлекеттік органның (ведомствоның) қызметін ұйымдастыруға жеке жауапкершілік алу, қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді талдау және енгізу қабілеті;

Өз-өзін дамытуға ынталандыру: өз-өзін ынталандыру және жалпы ынталандыру үшін қажетті ортаны анықтау және қалыптастыру қабілеті.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	5
	Қоғамдық жүйелерді үлгілеу	5
	Кәсіби коммуникациялар және көпшілік алдында сөйлеу	3
	Мемлекеттік басқаруда мәліметтерді талдау негізінде шешім қабылдау	5
	МСҰМ мемлекеттік басқаруының өзекті мәселелері бойынша апта сайынғы Коллоквиум	1
	<i>Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)</i>	5
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	24
2	Ұйымдастырушылық мінез-құлық	5
	Саясатты талдау: бағалау және енгізу	5
	Әлеуметтік қамсыздандыру саясаты	5
	Мемлекеттік қаржы және бюджет	5

	МСҰМ мемлекеттік басқаруының өзекті мәселелері бойынша апта сайынғы Коллоквиум	1
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>	3
	<i>МҒЗЖ</i>	7
	2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	31
3	Мемлекеттік саясаттағы қолданбалы экономика	5
	Тәуекелдерді және өзгерістерді басқару	5
	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	5
	Макроэкономикалық талдау	5
	МСҰМ пәндер каталогынан 1 элективті курс:	5
	• әріптес-университеттен	
	• АХҚО бюросы	
	<i>МҒЗЖ</i>	5
	3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	30
4	Мемлекеттік секторда тиімділікті бағалау	5
	Мемлекеттік басқарушыларға арналған кәсіби қазақ тілі	5
	МСҰМ пәндер каталогынан 1 элективті курс:	10
	• әріптес-университеттен	
	• АХҚО бюросы	
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>	1
	<i>Тағылымдама</i>	2
	<i>МҒЗЖ</i>	5
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	28
	Теориялық оқудың барлығы	89
	МҒЗЖ:	24
	• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса	22
	• Тағылымдама	2
	Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)	12
	Қосымша білім берудің барлығы	36
	МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ	125